«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ХАТТАМА

мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері жөніндегі отырыс

Өткізілген күні: «06» қазан 2026 жыл

Төрағалық етті: Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Д.К. Джакупов

Қатысқандар: «Ұлытау облысы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілері, қатысу парағына сәйкес.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі нормаларын мемлекеттік қызметшілердің сақтауы туралы.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында кездесетін мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзуының неғұрлым жиі кездесетін түрлері және олардың алдын алу шаралары туралы.

3. Қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу және Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері арасында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау туралы.

4. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын сақтаудағы дербес жауапкершілігі туралы.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі - Даурен Кабдумуталакович Джакупов, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетілетін ерекше сенім болып табылатынын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік келбетіне және мінез-құлқына жоғары талаптар қоятынын атап өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің назарына Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің 2-

тармағына сәйкес Кодекстің қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметтегі қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, адалдық ахуалын қалыптастыруға және әдепке жат мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталғаны жеткізілді.

Әдеп кодексінің 4-тармағына сәйкес Кодексте белгіленген қызметтік әдеп стандарттары барлық мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің назарына Әдеп кодексінің 5-тармағында көзделген мынадай әдеп қағидаттарына ерекше назар аударылды:

- адалдық;
- шынайылық;
- әділдік;
- ашықтық;
- сыпайылық;
- клиентке бағдарлану.

Аталған қағидаттарды сақтау тек лауазымдық міндеттерді тікелей орындау барысында ғана емес, сонымен қатар әріптестермен, азаматтармен, мәслихат депутаттарымен, басшылықпен және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерімен қарым-қатынаста көрініс табуы тиіс екендігі атап өтілді.

Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілерімен талқылау барысында қызметтік әдеп нормаларын сақтау әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болуы тиіс екендігі атап өтілді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1. Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері Әдеп кодексінің 2, 4 және 5-тармақтарының талаптарын қатаң сақтасын.

2. Мемлекеттік қызметшілер, қызмет барысында адалдық, шынайылық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану қағидаттарын басшылыққа алсын.

3. Жасалған немесе жасалуы мүмкін әрекеттердің әдеп нормаларына сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда Әдеп жөніндегі уәкілден кеңес алу қамтамасыз етілсін.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдеп жөніндегі уәкіл Даурен Кабдумуталакович Джакупов, мемлекеттік органдардың қызметінде кездесетін қызметтік әдепті бұзудың неғұрлым жиі кездесетін тәуекелдері туралы ақпарат берді.

2.1. Дөрекілік, әдепсіздік және орынсыз қарым-қатынас

Әдеп кодексінің 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметші азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде әдептілік танытуға, дөрекілікке, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке және орынсыз мінез-құлыққа жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар Әдеп кодексінің 8-тармағының 7) тармақшасында әріптестерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілікке, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке және орынсыз мінез-құлыққа жол бермеу талабы белгіленген.

Алдын алу шарасы: қызметтік қарым-қатынастың барлық түрінде — телефон арқылы сөйлесу, электрондық хат алмасу, жиналыстар, кеңестер және жұмыс мәселелерін талқылау кезінде — сыпайы әрі құрметпен қарым-қатынас жасау.

2.2. Мүдделер қақтығысы

Әдеп кодексінің 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшілер заңнамада белгіленген шектеулерді сақтауға және мүдделер қақтығысына жол бермеуге міндетті.

Алдын алу шарасы: жеке мүдделілік туындаған жағдайда тікелей басшыға және Әдеп жөніндегі уәкілге белгіленген тәртіппен дереу хабарлау.

2.3. Қызметтік жағдайын жеке мақсатта пайдалану

Әдеп кодексінің 6-тармағының 7) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметші мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдалануға құқылы емес.

Алдын алу шарасы: жеке мәселелерді шешу үшін лауазымды, қызметтік беделді, қызметтік байланыстарды және мемлекеттік органның мүмкіндіктерін пайдалануға жол бермеу.

2.4. Мемлекеттік мүлікті мақсатсыз пайдалану

Әдеп кодексінің 6-тармағының 8) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметші мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге және мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерді орындау және рұқсат етілген қызмет түрлері үшін пайдалануға тиіс.

2.5. Құқыққа қайшы уәделер мен міндеттемелер беру

Әдеп кодексінің 6-тармағының 6) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты кез келген сипаттағы құқыққа қайшы уәделер беруге және құқыққа қайшы міндеттемелер қабылдауға тыйым салынады.

2.6. Дұрыс емес ақпарат тарату және әріптестерді талқылау

Әдеп кодексінің 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға тиіс. Сонымен қатар 8-тармақтың 3) тармақшасында әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кір келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін ұжымда талқылаудан тартыну талабы белгіленген.

2.7. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың бұзылуы

Әдеп кодексінің 8-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынаста іскерлік және ізгі ниетті қарым-қатынастар орнатуға, сындарлы ынтымақтастыққа және қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етуге тиіс. Осыған байланысты 8-тармақтың 1), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларының талаптарына ерекше назар аударылды.

2.8. Әлеуметтік желілердегі және қоғамдық кеңістіктегі әдеп нормаларын сақтау

Мемлекеттік қызметшілерге Әдеп кодексінің 9-тармағының талаптары түсіндірілді. Аталған нормаға сәйкес мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік лауазымды адамдардың, мемлекеттік органдардың және басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке жатпайтын пікірлер білдіретін немесе жария етуге рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын жария мәлімдемелер жасамауға тиіс. Мемлекеттік органның қызметіне қатысты жария мәлімдемелерді басшы немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жасайды. Мемлекеттік қызметшілер пікірталастарға қатысу кезінде мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, әдеп нормаларын сақтауы қажет.

2.9. Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық

Мемлекеттік қызметшілердің назарына Әдеп кодексінің 10-тармағының талаптары жеткізілді. Оған сәйкес мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды ұстануға,

қарапайымдылық танытуға, тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамдық моральға қол сұғушылықпен ұштасатын қоғамға қарсы мінез-құлыққа жол бермеуге тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1. Әдеп жөніндегі уәкілдің ақпараты назарға алынсын.

2. Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының барлық мемлекеттік қызметшілері Әдеп кодексінің 5–10-тармақтарының талаптарын қатаң сақтасын.

3. Дөрекілікке, әдепсіздікке, әріптестер мен азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға, негізсіз айыптауларға және жанжалдық мінез-құлыққа жол берілмесін.

4. Қызметтік жағдайды, қызметтік байланыстарды, мемлекеттік мүлікті және мемлекеттік органның өзге де мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдалануға жол берілмесін.

5. Ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда заңнамада көзделген қажетті шаралар уақтылы қабылдансын.

3. ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдеп жөніндегі уәкіл Даурен Кабдумуталакович Джакупов, еліміздегі басқа мемлекеттік мекемелерде қалыптасқан бұзушылықтарға жауап беруден гөрі қызметтік әдеп бұзушылықтарының жүйелі алдын алуға көшу қажеттігін атап өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің назарына Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереженің 4-тармағының 4), 6), 8), 9), 10) және 12) тармақшаларына сәйкес Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметтік әдеп нормаларын сақтау мониторингін жүргізетіні, бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдайтыны, түсіндіру жұмыстарын жүргізетіні және бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі өзге де іс-шараларды жүзеге асыратыны жеткізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Қызметтік әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында:

1. Кемінде тоқсанына бір рет Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілсін.

2. Аппараттың жедел және жұмыс кеңестерін өткізу барысында қажет болған жағдайда қызметтік әдеп және мемлекеттік басқару мәдениеті мәселелері қаралсын.

3. Ықтимал әдеп тәуекелі анықталған жағдайда мемлекеттік қызметшілермен жеке профилактикалық әңгімелесулер өткізілсін.

4. Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп жөніндегі уәкілге консультация алу үшін құпия түрде жүгіну мүмкіндігі қамтамасыз етілсін.

5. Мынадай жағдайлардың алдын алуға ерекше назар аударылсын:

- мүдделер қақтығысына;
- дөрекі және орынсыз мінез-құлыққа;
- моббингке және психологиялық қысым көрсетудің өзге де нысандарына;
- дұрыс емес ақпарат таратуға;
- қызметтік жағдайды жеке мақсатта пайдалануға;
- әлеуметтік желілердегі мінез-құлық нормаларын бұзуға;
- қызметтік ақпаратты жария етуге;
- ұжымда шиеленісті жағдайлардың туындауына.

6. Профилактикалық жұмыстың нәтижелері Ұлытау облысы мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің отырыстарында қаралсын.

4. ТӨРТІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдеп жөніндегі уәкіл Даурен Кабдумуталакович Джакупов, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы дербес жауапкершілігіне назар аударды.

Мемлекеттік қызметшілерге Әдеп кодексінің 12-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатыны түсіндірілді.

Сонымен бірге Әдеп жөніндегі уәкіл қызметінің негізгі мақсаты ең алдымен бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілерге консультациялық көмек көрсету, ұжымдағы салауатты жұмыс ахуалын қалыптастыру және тәртіптік теріс қылықтарға әкелуі мүмкін жағдайлардың алдын алу екендігін атап өтті.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1. Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері Әдеп кодексінің талаптарын сақтауға дербес жауапкершілікпен қарасын.

2. Даулы немесе жанжалды жағдайлар туындаған кезде, ең алдымен, қызметтік диалог және Әдеп жөніндегі уәкілмен кеңес алу тетіктері пайдаланылсын.

3. Қызметтік әдеп бұзушылықтарының белгілі фактілерін жасыруға жол берілмесін және олардың алдын алу бойынша заңнамада көзделген шаралар қабылдансын.

4. Әдеп жөніндегі уәкіл Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері арасында жүйелі профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын жалғастырсын.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

Отырыс қорытындысы бойынша «Ұлытау облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілеріне мынадай қағидатты басшылыққа алу ұсынылсын:

«Бұзушылықтың салдарын жоюдан гөрі оның алдын алған оңай».

Әрбір мемлекеттік қызметші өзінің мінез-құлқы өзінің жеке кәсіби беделін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органның, мемлекеттік қызметтің және тұтастай мемлекеттің беделін қалыптастыратынын түсінуі қажет.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау Ұлытау облысы мәслихаты аппаратының Әдеп жөніндегі уәкіліне жүктелсін.

Төрағалық етуші:

Ұлытау облыстық мәслихаты
аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі **Д.К. Джакупов**